Түркістан облысы
Сауран ауданы
Қарашық ауылдық округі әкімі

Ө К І М

Қарашық елді мекені **«18» 06 20 26 жыл.** **№ 36-1**

«Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жүзеге асыру туралы»

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 5, 6-тармақтарына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506, 508-тармақтарына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. 16-баптың 3-тармағының 28 тармақшасына сәйкес Сауран ауданы, Қарашық ауылдық округіне қарасты Қарашық ауылдық округіндегі көше бойында орналасқан аялдамаларды бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.
2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты С.Исаева
   – «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 6-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын сақтай отырып өнім берушіні анықтау;
   – өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу;
   – шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру.
3. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидаттарын сақтау үшін жауапкершілікті өз мойнима аламын.

Негіздеме: өндірістік қажеттілік.

Қарашық ауылдық округі әкімі **С.Уразбаев**

Сканировано с CamScanner

Сауран ауданы, ауылдық округі қоғамдық кеңес жиналысының
ХАТТАМАСЫ

Қарашық ауылы **«18» маусым 2026 жыл**

Өткізілген орны: ауылдық округ әкімінің аппараты

Жиналыс төрағасы: Х.Айтметов
Жиналыс хатшысы: С.Батырбеков

Қатысқандар:

Сауран ауданы әкімдігінің Қарашық ауылдық округі әкімі Уразбаев Сакен, ауыл әкімінің орынбасары С.Жасибаев, бас мамандар У.Зенов бас маман А.Маханбетова Қарашық ауылдық қоғамдық кеңестің мүшелері: /аты-жөндері/қатысты.
Жиналысқа өзге адамдар қатысқан жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ауылдық округіндегі Қарашық елді мекеніндегі тас жолы бойында орналасқан аялдамаларды ағымдағы жөндеуден өткізу туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Қоғамдық кеңес төрағасы Х.Айтметов сөз алып, Қарашық ауылдық округінің Қарашық және Құмтүйін елді мекеніндегі тас жолының бойындағы аялдамалардың қазіргі жай-күйі көңіл көншітпейтінін айтты. Аялдамаларға ағымдағы жөндеу жұмыстары қажет екенін атап өтіп, бұл мәселені кейінге қалдырмай, тиісті шараларды шұғыл түрде ұйымдастыруды ауыл әкіміне ұсынды.

Ауыл әкімі С.Уразбаев жауап сөзінде, 2026 жылы аталған Қарашық ауылдық округіндегі көше бойында орналасқан аялдамаларды ағымдағы жөндеуден өткізу үшін жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалып, бюджеттік өтінім беріліп, қазіргі таңда қаржы қаралғанын мәлімдеді.

Қоғамдық кеңес мүшесі Т.Тураханов сөз алып, бөлінген қаржы бойынша баға ұсыныстарын сұрату арқылы конкурс өткізу процесі біраз уақыт алатынын, бұл аралықта тұрғындар арасында наразылық туындауы мүмкін екенін айтты. Осыған байланысты, ол «бір дерек көзден тікелей шарт» тетігін пайдаланып, тиісті жұмыстарды шұғыл бастау жөнінде ұсыныс білдірді.

Ауыл әкімі С.Уразбаев бұл ұсынысты қолдап, «тікелей шарт» негізіндегі келісімшарт жасау шарттарын нақтылап, оның заң аясында жүзеге асырылуын ұйымдастыру бөлім басшысы С.Исаеваға жүктеді.

Сканировано с CamScanner

Барлық қоғамдық кеңес мүшелері төраға Х.Айтметовтың ұсынысын бір ауыздан қолдады.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:

1. Қарашық ауылдық округіне бюджеттен бөлінген қаражатты заңнамада көзделген «бір дереккөзден тікелей шарт» негізінде пайдаланып, ауылдық округіндегі көше бойындағы аялдамаларды ағымдағы жөндеуден өткізу жұмыстарын тез арада ұйымдастыру тапсырылсын.
2. Жұмыстардың орындалуын үйлестіру Қарашық ауылдық округі әкімінің аппаратына жүктелсін.

Жиналыс төрағасы **Х.Айтметов**
Жиналыс хатшысы **С.Батырбеков**

Сканировано с CamScanner

Қарашық ауыл округі бойынша өткізілген жергілікті қоғамдастық жиналысқа қатысқан тұлғалардың тізімі

Р/С	Аты - жөні
1	Муютов Бабажан
2	Тураханов Толиб
3	Азимов Хабибулла
4	Тураханов Толиб
5	Тажитдинов Гуламжан
6	Исмаилов Дилшод
7	Умаров Жумадулла
8	Айтметов Фуркат
9	Айтметов Хакимжан
10	Егембердиев Тавбай
11	Батырбеков Сырым

Сканировано с CamScanner